"3) Астана қаласында жаңа Университеттің инженерлік коммуникацияларын салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы түзету;"

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Астана қаласында жаңа өнеркәсіп аймағының (Индустриялық парк) инфрақұрылымын салу (жоба бойынша (1-кезек) "Мемсараптама" РМК-ның 6.10.2006ж . N 2-535/06 қорытындысы, жоба бойынша (2-кезек) "Мемсараптама" РМК-ның 29.10.07ж.N 2-598/07 қорытындысы)";

7 - т а р м а қ т а :

" Т і к е л е й н ә т и ж е д е " :

"Астана қаласындағы жаңа Университеттің инженерлік коммуникацияларын құрылысы" деген сөздер "Астана қаласында жаңа Университеттің инженерлік коммуникацияларын салу жөнінде Мемсараптамадан өткен түзетілген жобалау-сметалық құжаттамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Астана қаласындағы N 19 жоспарланған ауданның инженерлік желілер (жылумен жабдықтау);" деген сөздерден кейін "Астана қаласында жаңа өнеркәсіп аймағының (Индустриялық парк) инфрақұрылымын салу" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 338-қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 17, 18, 19-қосымшаларға сәйкес 338-1 , 338-2 , 338-3-қосымшалармен толықтырылсын;

18) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі бойынша:

көрсетілген қаулыға 340-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 1508990 мың теңге (бір миллиард бес жүз сегіз миллион тоғыз жүз тоқсан мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 343-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 1174880 мың теңге (бір миллиард бір жүз жетпіс төрт миллион сегіз жүз сексен мың теңге) . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесі реттік нөмірі 4-жолдың 5-бағанындағы "Күн батареясын, топырақтық анализаторды сатып алу," деген сөздер "Күн батареясын, су көтеру құрылғысы бар бес генератор, биогаз қондырғысын және басқа да тұқым тазалау машиналарын сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Тікелей нәтижеде" "мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының өнімін арттыру халықты қамтамасыз етудің 150 бірлік артуына әкеледі;" деген сөздерден кейін "мал асырау үшін 60 тонна жем дақылдарын тазалау, 5 фермер шаруашылығын күн батареясымен және биогаз қондырғысымен қамтамасыз ету, істемейтін 5 құдықты қалпына келтіру" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 347-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. **Құны** : 2521183 мың теңге (екі миллиард бес жүз жиырма бір миллион бір жүз сексен үш мың теңге) . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "(2007 жылғы 20 шілдедегі Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаманың N 11-378/07 қорытындысы);" деген сөздерден кейін ", 2008 жылғы 14 ақпандағы N 11-43/08, 2008 жылғы 14 наурыздағы N 11-76/08" деген сөздермен толықтырылсын;

19) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бойынша:

көрсетілген қаулыға 359-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. **Құны** : 11132686 мың теңге (он бір миллиард бір жүз отыз екі миллион алты жүз сексен алты мың теңге) . " ;

2-тармақтағы "; "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 Жарлығы" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтағы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет жасау." деген сөздер алынып тасталсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесіндегі реттік нөмірі 10 және 11-жолдар алынып тасталсын;

7 - т а р м а қ т а :

"Тікелей нәтижеде" "жалпы саны 90 бірлік Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қаржы мониторингі жөніндегі комитетінің орталық аппаратына және оның аумақтық бөлімшелеріне," деген сөздер алынып тасталсын;

"Соңғы нәтижеде" "- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет жасау шараларын өткізу;" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"Қаржылық-экономикалық нәтижеде":

"2217" деген сандар "1951" деген сандармен ауыстырылсын;

"1699" деген сандар "1690" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сапасында" "- заңсыз кірістерді заңдастыру белгілерінің барлығы туралы жасасу үшін нақты негіздерді анықтау." деген сөздер алынып тасталсын;

20) Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі бойынша:

көрсетілген қаулыға 20-қосымшаға сәйкес 363-1-қосымшамен толықтырылсын;

21) Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі бойынша:

көрсетілген қаулыға 364-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 157932 мың теңге (бір жүз елу жеті миллион тоғыз жүз отыз екі мың т е ң г е) . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-1-жолмен толықтырылсын:

"2-1. 007 Мемлекеттік Мынадай тақырыптар жыл Қазақстан
қызметшілердің бойынша мемлекеттік бойы Республикасы
біліктілігін қызметшілердің Ұлттық
арттыру біліктілігін арттыру ғарыш
жөніндегі қызметтерді агенттігі

с а т ы п а л у :

1) б ю д ж е т т і

ж о с п а р л а у ;

2) м е м л е к е т т і к с а т ы п

а л у д ы ұ й ы м д а с т ы р у

ж ә н е ө т к і з у .

М е м л е к е т т і к ж ә н е

а ғ ы л ш ы н т і л д е р і н

о қ ы т у " ;

7-тармақтағы "1202,83" деген сандар "1249,50" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 365-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 900535 мың теңге (тоғыз жүз миллион бес жүз отыз бес мың теңге).";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы 1-тармақтағы 3), 11), 12), 13), 14), 15), 17), 19), 22), 29), 30), 38), 39) тармақшалар алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 366-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 16276 мың теңге (он алты миллион екі жүз жетпіс алты мың теңге).";

7-тармақтағы "Қаржылық-экономикалық нәтижеде" "6470,5" деген сандар "8138" деген сандармен ауыстырылсын;

22) Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі бойынша:

көрсетілген қаулыға 373-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 597322 мың теңге (бес жүз тоқсан жеті миллион үш жүз жиырма екі мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 377-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 3360289 мың теңге (үш миллиард үш жүз алпыс миллион екі жүз сексен тоғыз мың теңге) . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 3-жол мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін Біріктірілген ақпарат жүйесін құру." ;

реттік нөмірі 4-жол мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. "Электрондық қызметтердің порталы" модулін кеңейту және енгізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту." ;

7-тармақ "Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы рұқсат беру құжаттарын беру" деген сөздермен толықтырылсын;

23) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы бойынша:

көрсетілген қаулыға 412-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 8921707 мың теңге (сегіз миллиард тоғыз жүз жиырма бір миллион жеті жүз жеті мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 418-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 12548071 мың теңге (он екі миллиард бес жүз қырық сегіз миллион жетпіс бір мың теңге) . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 316 пәтерлі тұрғын үй (жобалау)";

7-тармақтағы "100" деген сандар "316" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 422-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1. Құны : 1975583 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз жетпіс бес миллион бес жүз сексен үш мың теңге) . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында "192342" деген сандар "192742" деген сандармен ауыстырылсын ;

7-тармақтағы "Қаржылық-экономикалық нәтижеде" "9517" деген сандар "9503" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2008 жылғы 13 маусымдағы

N 581 қаулысына

1-ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

163-1-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

**"Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың
көші-қоны саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу"
деген 052 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 40000 мың теңге (қырық миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы ; "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы ; "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы ; "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы ; "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ету. Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салаларды тиімді дамуын, өзекті зерттеулер жолы және бәсекелестікті жоғарылату механизмі негізінде анықтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салалардағы өзекті мәселелерді зерттеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дарла- ма коды	К і ш і бағдарлама- лардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындау- шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	052		Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салалардағы өзекті мәселелерді зерттеу	Еңбек, жұмыспен қамту, әлеу- меттік қорғау және халықтың көші-қоны салаларды дамыту мәсе- лелері бойын- ша өзекті зерттеулер жүргізу.	Жыл бойы	Қазақс- тан Респуб- ликасы Еңбек және халықты әлеумет- тік қор- ғау ми- нистрлі- гі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : *

Т і к е л е й н ә т и ж е :

Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салаларды өзекті мәселелер бойынша аналитикалық зерттеу;
есептер жасалады және методикалық ұсыныстар құрылады.

С о ң ғ ы н ә т и ж е :

Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салаларды өзекті мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақпаратқа қол жетімділігін жоғарылату. Білімнің тиімді дамуын қамтамасыз етуге ұсыныстар мен ә д і с т е р і н д а й ы н д а у .

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Білім саласындағы өзекті мәселелерді зерттеуге - 40000,0 мың теңге.

У а қ т ы л ы ғ ы :

белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шараларды орындау.

С а п а с ы :

Тапсырыс берушінің талабына сәйкес зерттеудің сапа деңгейін қамтамасыз ету. Білім саласындағы аса маңызды жеке мәселелерді қамту және оны тиімді шешуге әсер ететін ұсыныстарды жасау.

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2008 жылғы 13 маусымдағы

№ 581 қаулысына

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

180-1-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Темір жол көлігінің инфрақұрылымын дамыту"

деген 031 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 97000 мың теңге (тоқсан жеті миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Өзен (Қазақстан) - Қызылқая - Берекет - Этрек (Түркіменстан) - Горган (Иран)" темір жол желісін жобалаудағы және салудағы ынтымақтастық туралы Иран Ислам Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түркіменстан Үкіметі арасындағы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы № 1140 қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** темір жол желілерін дамыту.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Қазақстан Республикасының көлік-транзиттік әлеуетін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

Бағ- дар-	Кіші бағ-					
--------------	--------------	--	--	--	--	--

N	лама-ның коды	дар-лама-ның коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	031		Темір жол инфрақұрылымын дамыту	"Өзен - Түркіменстанмен мемлекеттік шекара" темір жол желісін салуға жобалау-сметалық құжаттаманың бірінші кезеңін әзірлеу.	Мамыр-желтоқсан	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: "Өзен - Түркіменстанмен мемлекеттік шекара" темір жол желісін салуға жобалау-сметалық құжаттаманың бірінші кезеңін әзірлеу.

Соңғы нәтиже: Өзен (Қазақстан) - Қызылқая - Берекет - Этрек (Түркіменстан) - Горган (Иран) темір жол желісін 2011 жылғы желтоқсанда бір мезгілде пайдалануға е н г і з у .

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Уақтылығы: жұмыс өндірісінің кестесіне және жасалған келісім-шарттарға сәйкес.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

3-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

261-1-ҚОСЫМША

225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Жаңа университет құрылысына қатысу үшін Астана қаласының бюджетін дамытуға арналған трансферттер"
деген 066 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 5000000 мың теңге (бес миллиард теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:

"Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 Жарлығы, "Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі

N 319 Қ а у л ы с ы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: әлемдік санаттағы жоғары білікті кадрлар дайындаудың тиімді жүйесімен қамтамасыз ету және құру, әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру қызметтерін көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жаңа университеттің құрылысын іске асыру үшін Астана қаласының бюджетіне қаржылық қолдау көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	066		Жаңа университет құрылысына қатысу үшін Астана қаласының бюджетін дамытуға арналған трансферттер	Жаңа университет құрылысына қатысу үшін Астана қаласының бюджетін дамытуға арналған трансферттер аудару	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және Астана қ. жаңа университет құрылысын бастау.

Соңғы нәтиже: жұмыс кестесіне сәйкес құрылыс-монтаждық жұмыстарын орындау.

Уақтылығы: Көзделген іс-шаралар кестесі және келісім-шартқа сәйкес.

Сапасы: Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

4-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

262-1-ҚОСЫМША

225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының
бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік
тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру ұйымдарында оқитындардың стипендияларын
төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер
деген 077 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 192806 мың теңге (жүз тоқсан екі миллион сегіз жүз алты мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Білім туралы"
Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы Заңының 47-бабы ; "Білім
беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік
стипендиялар төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008
жылғы 7 ақпандағы N 116 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:**
республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** мемлекеттік тапсырыс шеңберінде
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушы оқушыларды әлеуметтік
қолдау .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** облыстық бюджеттерге, Астана және
Алматы қалалық бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік
тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушы
студенттер стипендияларын төлеуге стипендия мөлшерін 5147 теңгеден 6000 теңгеге
дейін жеткізу жолымен қаржылай көмек көрсету.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

	Бағ- дар-	Кіші бағдар-	Кіші бағдарла-	Бағдарламаны іске асыру		
--	--------------	-----------------	-------------------	----------------------------	--	--

ішінде: Ақмола - 2545, Ақтөбе - 2868, Алматы облысы - 2521, Атырау - 1901, Шығыс Қазақстан - 4520, Жамбыл - 3428, Батыс Қазақстан - 2333, Қарағанды - 6250, Қостанай - 4078, Қызылорда - 2320, Маңғыстау - 2472, Павлодар - 2809, Солтүстік Қазақстан - 2494, Оңтүстік Қазақстан - 6200, сонымен қатар Алматы қаласы - 5220, Астана қаласы - 3 1 4 3 .

С о ң ғы н ә т и ж е :

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың оқу үлгерімдерінің көрсеткіштерін к ө т е р у .

Қ а р ж ы - э к о н о м и к а л ы қ н ә т и ж е :

Стипендияның ай сайынғы төлеу айырмасы 1 оқушыға 853 теңгені құрайды.

У а қ т ы л ы ғ ы :

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың стипендиясының айырмасын у а қ ы т ы л ы т ө л е у .

С а п а с ы :

барлық оқушылардың 70 пайызын стипендиямен қамтамасыз ету.

* Республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асырылатын шаралардың тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламасының паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

5-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

262-2-ҚОСЫМША

225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Білім саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу"
деген 080 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 70000 мың теңге (жетпіс миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ғылым туралы"

Қазақстан Республикасы Заңы 2001 жылғы 9 шілдедегі, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы Заңы, "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:
республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ету. Білім саласын және оның тиімді дамуын, өзекті зерттеулер жолы және бәсекелестікті жоғарылату механизмі негізінде анықтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: білім саласындағы өзекті мәселелерді з е р т т е у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	080		Білім саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу	Білім секторын дамыту мәселелері бойынша өзекті зерттеулер жүргізу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Т і к е л е й н ә т и ж е :

білім саласындағы өзекті мәселелер бойынша аналитикалық зерттеу; есептер жасалады және методикалық ұсыныстар құрылады.

С о ң ғы н ә т и ж е :

Білім саласындағы өзекті мәселелер бойынша білім беру ұйымдарының және Қазақстан Республикасы азаматтарының ақпаратқа қол жетімділігін жоғарылату. Білімнің тиімді дамуын қамтамасыз етуге ұсыныстар мен әдістерін дайындау.

Қ а р ж ы - э к о н о м и к а л ы қ н ә т и ж е :

Білім саласындағы өзекті мәселелерді зерттеуге - 70 000,0 мың теңге.

У а қ т ы л ы ғ ы :

белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шараларды орындау.

С а п а с ы :

Тапсырыс берушінің талабына сәйкес зерттеудің сапа деңгейін қамтамасыз ету. Білім саласындағы аса маңызды жеке мәселелерді қамту және оны тиімді шешуге әсер ететін ұсыныстарды жасау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

6-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

281-1-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту"
деген 026 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1026440 мың теңге (бір миллиард жиырма алты миллион төрт жүз қырық
мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан
Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010
жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар
жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13
қазандағы N 1050 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:
республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: денсаулық сақтау саласының ұзақ мерзімді
стратегиялық қажеттілігін қанағаттандыруға, халық денсаулығын сақтау мен
жақсартуға бағытталған тиімді қолданылып жүрген кәсіптік білім және медициналық
ғылым жүйесін құру үшін медицина кадрларын даярлау сапасын арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: денсаулық сақтау саласында мамандарды
даярлауға жағдай жасау және жақсарту үшін білім беру объектілерін салу және қайта
жаңарту арқылы инфрақұрылымды құру .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

р/с N	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	Кіші бағдарла- малардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын- даушы- лар
1	2	3	4	5	6	7

1	026	Білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту	"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес сома шегінде Астана қаласында Бейбітшілік көшесінде орналасқан Қазақ мемлекеттік медицина академиясын кеңейтуді және қайта жаңартуды аяқтау, сондай-ақ Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының Әл-Фараби N 3б алаңында бұрын бөлінген жер учаскесінде спорт және дәріс залын салу және Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының Әл-Фараби N 3б алаңында өзінің аумағында 4 қабатты оқу корпусын салу жөніндегі іс-шараларға бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру.	Шілде-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігі
---	-----	---	---	-----------------	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында Бейбітшілік көшесінде орналасқан Қазақ мемлекеттік медицина академиясын кеңейтуді және қайта жаңартуды аяқтау, сондай-ақ Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының Әл-Фараби N 3б алаңында бұрын бөлінген жер учаскесінде спорт және дәріс залын салу және Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының Әл-Фараби N 3б алаңында өзінің аумағында 4 қабатты оқу корпусын салу жөніндегі жұмыстардың көлемін орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

7-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

288-1-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Ұлттық медициналық холдинг" АҚ-тың жарғылық капиталын құру"
деген 062 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 223 900 мың теңге (екі жүз жиырма үш миллион тоғыз жүз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджет қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Ұлттық медициналық холдинг құру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** "Республикалық шұғыл медициналық жәрдем ғылыми орталығы" және "Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы" акционерлік қоғамдарының жарғылық капиталдарын құру және "Ұлттық медициналық холдинг" АҚ жарғылық капиталын толықтыру.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

p/c N №	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	Бағдар- ламаның (кіші бағдар- лама- ның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын- даушы- лар
1	2	3	4	5	6	7

1	062	"Ұлттық медициналық холдинг" АҚ-тың жарғылық капиталын құру	"Республикалық шұғыл медициналық жәрдем ғылыми орталығы" АҚ және "Республикалық нейрохирургия ұлттық ғылыми орталығы" АҚ жарғылық капиталдарын құру және "Ұлттық медициналық холдинг" АҚ жарғылық капиталын толықтыру	Шілде-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
---	-----	---	---	-----------------	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: "Республикалық шұғыл медициналық жәрдем ғылыми орталығы" АҚ және "Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы" АҚ құрылған жарғылық капиталдары және "Ұлттық медициналық холдинг" АҚ жарғылық капиталын толықтыру.

Соңғы нәтиже: "Ұлттық медициналық холдинг", "Республикалық шұғыл медициналық жәрдем ғылыми орталығы" және "Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы" акционерлік қоғамдарын құру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: "Ұлттық медициналық холдинг", "Республикалық шұғыл медициналық жәрдем ғылыми орталығы" және "Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы" акционерлік қоғамдарының жарлықшы капиталдары мөлшері - 223900 мың теңге.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

8-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

288-2-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендия

төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 063 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 32439 мың теңге (отыз екі миллион төрт жүз отыз тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 47-бабы; "Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы шеңберінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқыту кезеңінде білім алушыларды әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: стипендияны нормативке дейін жеткізу жолымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларды қаржылай қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N п/п	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	Кіші бағдар- ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын- даушы- лар
1	2	3	4	5	6	7
1	063		Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендиясын 5147 теңгеден 6000 теңгеге дейін жеткізу үшін республикалық бюджеттен нысана-	Қыркүйек-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігі

		білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитындарға стипендия төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	лы ағымдағы тран- сферттерді аудару. Жергілікті атқару- шы органдардың мемлекеттік тапсы- рысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйым- дарында білім алушылардың сти- пендиялары мөлше- рінің айырмашылы- ғын уақтылы төлеуді қамтамасыз ету.		Облыс- тардың, Астана және Алматы қалала- рының әкімде- рі
--	--	---	---	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *

Тікелей нәтиже: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде білім алушылардың стипендияларының мөлшерін 5147 теңгеден 6000 теңгеге дейін ж е т к і з у .

Облыстар бойынша стипендиаттардың орташа жылдық контингенті 7783, соның ішінде: Ақмола облысы - 286, Ақтөбе облысы - 432, Алматы облысы - 244, Атырау облысы - 345, Шығыс Қазақстан облысы - 640, Жамбыл облысы - 738, Батыс Қазақстан облысы - 521, Қарағанды облысы - 560, Қостанай облысы - 306, Қызылорда облысы - 448, Маңғыстау облысы - 233, Павлодар облысы - 371, Солтүстік Қазақстан облысы - 199, Оңтүстік Қазақстан облысы - 1272, сондай-ақ Алматы қаласы - 435 және Астана қ а л а с ы - 7 5 3 .

Соңғы нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімінің сапалы көрсеткішін арттыру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 1 оқушының стипендиясын төлеудің ай сайынғы айырмашылығы орташа есеппен 853 теңгені құрайтын болады.

Уақтылығы: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендиялары мөлшерінің айырмашылығын уақтылы төлеуді қ а м т а м а с ы з е т у .

Сапасы: білім алушылардың жалпы контингенті ішінен стипендиямен қамтамасыз етілуі орта есеппен 81 п а й ы з .

Е с к е р т п е :

*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және

сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

9-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

288-3-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Денсаулық сақтау саласындағы өзекті зерттеулер"
деген 064 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 80000 мың теңге (сексен миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 22, 26-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7, 47-баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 998 - 3 5 қ
қ а у л ы с ы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ы қ п а л е т у .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** өзекті зерттеу негізінде денсаулық сақтау саласындағы бәсекелестікке қабілеттілікті және оларды тиімді дамытуды арттырудың жолдары мен тетіктерін анықтау.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

N п/п	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	Кіші бағдар- ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын- даушы- лар

1	2	3	4	5	6	7
1	064		Денсаулық сақтау саласындағы өзекті зерттеулер	Медициналық холдингті құру және дамыту тұжырымдамасын әзірлеу және денсаулық сақтау саласында өзекті зерттеулер жүргізу бойынша қызметке төлеу	Шілде-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: есептер қалыптастырылатын болады, әдістемелік ұсынымдар әзірленетін болады, медициналық холдингті құру және дамыту тұжырымдамасы әзірленетін болады және денсаулық сақтау саласында өзекті зерттеулердің нәтижелері е н г і з і л е т і н б о л а д ы .

Соңғы нәтиже: Денсаулық сақтау ұйымдары мен Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру. Денсаулық сақтау жүйесін тиімді дамытуды қамтамасыз ету үшін ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: денсаулық сақтау саласында өзекті зерттеулер - 3 7 0 0 0 , 0 м ы ң т е ң г е ;

медициналық холдингті құру және дамыту тұжырымдамасын әзірлеу - 43000 мың т е ң г е .

Уақтылығы: жасалған шарттар сәйкес.

Сапасы: Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес зерттеулердің сапасы деңгейін қамтамасыз ету. Денсаулық сақтау саласындағы жекелеген барынша өзекті мәселелерді қамту, өзекті зерттеулер мен оларды шешуге ықпал ететін ұсынымдар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

10-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

309-1-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету"

деген 026 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 5159945 мың теңге (бес миллиард жүз елу тоғыз миллион тоғыз жүз қырық бес мың теңге) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2008 жылғы 6 желтоқсандағы Заңы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеті:** Т.И. Батуrow атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясын (бұдан әрі - ЖМАЭС) қосу және оңтүстік өңірлерде туындаған электр энергиясының жетіспеушілігін жабу мақсатында оның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету; Оңтүстік Қазақстанның тұрғындары үшін отын жеткізілімі бойынша шығындардың өтемақы жолымен электр энергиясына тұрақты тарифтерді сақтау .

6. Бюджеттік бағдарламаны орындау жөніндегі іс шаралар жоспары:

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
		026	Қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету	"ЖМАЭС" АҚ қаражаттарын аудару: 1) отын жеткізілімі үшін шығындарды өтеу; 2) 2008 жылғы электр энергиясына белгіленген тарифтерді сақтауға қажетті отынның құны мен тасымалдау шығыстарын ескеріп, Т.И. Батуrow атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясының тұрақты жұмысын	Шілде-желтоқсан	Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі,

			қамтамасыз ету мақсатында тұтыну- шылар үшін отын сатып алу бағасы- ның арасындағы айырманы жабу.		"ЖМАЭС" АҚ
--	--	--	--	--	---------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: ҚҚС табиғи газды бағалау кезінде 4175 млн. кВтс-қа дейінгі көлемде (15 ақпаннан 31 желтоқсанға дейін) ЖМАЭС шиналармен бірге электр энергиясын жіберу (\$ есептеу курсы бойынша 121,5 теңге) 85 \$ мың.н.м.куб. және/немесе резервтік отынды (мазут) пайдалану.

Соңғы нәтиже: күтілетін "ең жоғары" Оңтүстік Қазақстанды тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: өндірілген электр энергиясына белгіленген тарифтерді сақтау.

Уақтылығы: шартқа сәйкес.

Сапасы: Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласының тұрғындарын электр энергиясымен жабдықтау қажеттіліктерімен қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 маусымдағы
N 581 қаулысына

11-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

314-1-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
053 "Атырау облысында бірінші интеграцияланған мұнай-химия
кешенін салуға "Қазына" орнықты даму қоры АҚ-на кредиттік
ресурстарды беру"
деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

